

РЕКОРДТАР КІТАБЫНДАҒЫ ШЕБЕР



Тәңір берген талантты сары сандықтың түбінде сақтамай, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға арнап жүрген жандар жетерлік. Солардың бірі – Күләйхан Байжанова. Ол халықты әлеуметтік қорғау саласында қызмет ете жүріп, он саусағынан өнері тамған тігіншілік қабілетімен де танылған. Күләйхан Сұлтанқызы – «Аламан құрақ» жобасының белсенді қатысушысы. Мерейлі отбасының түтінін түзу ұшырып, берекесін күзеткен адал жар, асыл ана. Ол – «Қазақстан КиНЭСС» рекордтар кітабына енген шебер.

Біз барғанда тоқсан жастағы Төлеш ақсақалдың үйінде дастарқан жайылып, күтіп отыр екен. «Төртінші билік, журналистер келді ме?» деп, жылы шырай танытқан Төлеш ақсақал төрін ұсынды. Қоғамда белсенді тұлға ретінде танылған Күләйхан Сұлтанқызы отбасының берекесі.

– Келінім – ісмер. Оның қолынан шыққан туындыларды шетелдіктер де көріп, тамсанған, – деді мақтан ететінін білдірген ақсақал.

Күләйхан апай бұл өнер анасынан дарығанын айтады. Анадан қызына қонған ісмерлік екен. Бүгінде Күләйхан апайдың өзінің қызы Айдана да «мен қай салада болсам да тігіншілікті тастамаймын» деп отыр. Шынашақтай қыздың шыңға бастаған сапарына да дән риза болдық.

– «Аламан құрақ» жобасына 2023 жылдан бастап бардық. Жоба авторы – Нұргүл Абайхан. Рәміздер күніне орай Астана қаласындағы «Рәміздер алаңында» өткен үлкен іс-шараға 200-ге жуық құрақшы қатысты. Біз көрме заттарын орналастырдық. Құрақтың түр-түрі бар. Қошқар мүйіз «төрт құбылан тең болсын» деген мағына білдірсе, «Гәуһар тас» қазақтың байлығын білдіреді. Бұл оюда аналарымыздың әшекей жиынтықтары, өсімдік тәріздес өрнектер пайдаланылады. Көк пен ақ түсте таза «қошқар мүйіз» оюы салынды. Түркіядан «Көшпенділер ойынына» үлес қосқанымыз үшін сертификат берілді. Биыл Үндістаннан арнайы сертификат алдық. Жоба авторы Нұргүл Абайханның да берген сертификаттары бар, – дейді Күләйхан Сұлтанқызы.

Таяуда ғана Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына арналған сайыста да Күләйхан апай қасындағы құрақшылармен бірге бір топ болып қатысып, қаржылай сыйлықты жеңіп алды.

4-БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

5 тамыз
сейсенбі

№58 (2171)

2025 жыл

ӘЛЕМДІК КИБЕРМАЙДАН: ЖЕКЕ ДЕРЕКТІ ҚАЛАЙ ҰРЛАЙДЫ?



Орнатылған деректердің алынуы

Біз таңнан кешке дейін цифрлық кеңістіктеміз. Танертең ұйқыдан ояна сала қолымызға ұялы телефон аламыз, интернетке қосылып жаналық оқимыз, банк қосымшасы арқылы төлем жасаймыз, eGov порталынан қызмет аламыз, әлеуметтік желіде ой бөлісеміз. Бір сәтке тоқтап ойланаықшы, осының бәрінде қанша жеке мәліметімізді қалдырып жүрміз? Біздің аты-жөніміз, мекенжайымыз, телефон нөмірі, тіпті қаржылық тарихымыз бәрі виртуалды жүйелерде сақтаулы.

Сол құнды деректеріміз бір күнде бөтен қолда кетіп, ашық кеңістікке шығып кетсе не болар екен? Бөтен адам сіздің атыңыздан несие рәсімдеп жатса, не болмаса алаяқ жеке ақпаратыңызды өз мақсатына пайдаланса, бұған қарсы не істей аламыз едік? Өкінішке қарай, мұндай қауіп қазір ойдан шығарылған нәрсе емес, нақты шындыққа айналды. Әлемнің түкпір-түкпірінде миллиардтаған

адамның жеке мәлімет интернетте жарияланып, кибер-қылмыскерлер үшін ең қымбат «тауардың» бірі болып отыр. Әлемдік статистика жыл сайын өсіп келеді, Қазақстан да бұл үрдістен қалыс қалған жоқ. Жуырда 16 миллион қазақстандықтың жеке дерегі сыртқа шығып кетуі осының айқын дәлелі. Жеке деректеріміз неге жиі ұрланады? Ең құпия мәліметтеріміз хакерлердің қолына

қалай түседі? Ең бастысы, өзімізді қалай қорғай аламыз? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Жеке дерек «жана мұнай» іспетті

Цифрландыру дәуірінде миллиондардың жеке мәліметті ұрланып, интернетте тарап кетуі өкінішке қарай, үйреншікті құбылысқа айналды. Әлем бойынша деректердің сыртқа шығуы жыл сайын рекордтық деңгейге жетіп отыр. Мәселен, «titanhq.com» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 2023 жылы әлемде 8,2 миллиардтан астам жеке дерек жазбасы қолды болған екен, бұл жер бетіндегі әр адамға бір-бір жазбадан келеді деген сөз. Бұған қоса, сол жылы жария етілген дербес мәліметтердің жалпы саны 2022 жылмен салыстырғанда шамамен 78%-ға артқан (3 205 инцидентте 353 миллионнан аса адам зардап шеккен). Бұл статистика жаһандық киберқылмыскерлердің белсенділігі артып, жеке ақпаратты қорғау қиынға соғып жатқанын көрсетеді. Әлемде соңғы онжылдықта жеке деректердің ірі көлемде ұрланған оқиғалары жиілеп кетті. «Cybersecurityventures.com» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, «Yahoo» компаниясы тарихтағы ең ірі дерекқор ұрлау оқиғасына ұшырап, 2013 жылы 3 миллиард пайдаланушысының аккаунт мәліметтері хакерлер қолына түсті. 2017 жылы АҚШ-тағы «Equifax» кредиттік бюросы 147 миллион адамның әлеуметтік сактандыру нөмірлері, туған күндері сынды құпия ақпаратын жоғалтты, нәтижесінде компания кемінде 575 миллион АҚШ доллары көлемінде өтемақы төлеуге келісті. 2021 жылы «Facebook» желісінде де 533 миллион адамның туралы жеке мәліметтері, оның ішінде телефон нөмірлері, электронды пошталар интернетте жарияланып кетті. Сондай-ақ халықаралық деңгейде «British Airways» авиакомпаниясының 2018 жылғы деректер бұзылғаны үшін Ұлыбритания билігі 183 миллион фунт (шамамен \$230 млн) айыппұл салғаны белгілі. Жеке сектордан бөлек, мемлекеттік органдар да нысанаға алынып жүр, Еуропалық Кеңестің дерегіне, ЕО елдерінде ай сайын 10 терабайт дерек ұрланып отырады. Яғни, цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздіктің әлсіздігі әлемдік ауқымда барлық елдерге ортақ мәселе.

3-БЕТТЕ

КӨШЕ ЖАРЫҚ, ЖОЛ ТЕГІС

Соңғы жылдары Белкөл кентінің келбеті өзгеріп, әлеуметтік нысандар жаңарып, инфрақұрылым қарқынды түрде жүргізілуде. Бұл игі өзгерістерге тұрғындар куә болып келеді. Осы орайда, атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы кент әкімі Жасұлан Сәду БАҚ өкілдеріне берген брифингте баяндады.

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында кенттің барлық саласында оң өзгерістер бар екен. Белкөл кентінің жер көлемі 5378 гектарды құрайды. Қазіргі таңда халық саны 5 мыңға жакындаған, оның 2 мыңнан астамы экономикалық белсенді тұрғындар.

Сонымен қатар білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы жетістіктер де назардан тыс қалмады. Әкім бұл бағыт әрқашан басты назарда екенін атап өтті. Оның айтуынша, мектептер мен балабақшалардың жағдайын жақсарту, балалардың сапалы білім алуына барлық мүмкіндік жасау – өңір дамуының маңызды бөлігі.

– Бүгінде №189 және №145 мектептерде 900-ге жакын оқушы білім алып жатыр, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда біршама өсім бар. №189 мектептің шатырын жөндеу мәселесі толық шешілді. Денсаулық сақтау нысандары халыққа сапалы қызмет көрсетіп келеді, ал Бірқазан елді мекеніндегі медициналық бекет заманауи талаптарға сай жұмыс атқаруда, – дейді кент әкімі Жасұлан Сәду.

Экономикалық көрсеткіштерге тоқталсақ, әкім кенттің қаржылық тұрақтылығы мен кәсіпкерліктің дамуы ерекше назарда екенін айтты. Оның сөзінше, бұл бағыттағы жетістіктер Белкөлдің әлеуетін арттырып қана қоймай, тұрғындардың тұрмыс

сапасын жақсартуға да жол ашуда.

– 2025 жылдың 6 айында бюджет кірісі 65,9 млн теңгені құрап, 100 пайызға орындалды. Салық түсімі де жоспардан асып түсті. Бұл кәсіпкерліктің дамып келе жатқанын көрсетеді. Атап айтқанда, жарты жыл ішінде 79 кәсіпкерлік нысан ашылып, 81 тұрақты жұмыс орны құрылды. Мемлекеттік бағдарламалар аясында ондаған жоба қаржыландырылып, бизнеске қолдау көрсетілді, – дейді кент әкімі.

Инфрақұрылым саласына келер болсақ, әкім бұл бағыттағы жұмыстардың қарқыны жылдан-жылға артып келе жатқанын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, көше жолдарын жөндеу, аулаларды абаттандыру және жарықтандыру секілді жобалар кенттің көркін айнықтап, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруда.

– Қала әкімдігінің қолдауымен көп-қабатты үйлердің шатыры жөнделіп, аулалары абаттандырылуда. Жаңа асфальт төселіп, көшелер

жарықтандырылып келеді. Қазіргі уақытта Әбдіқадыров 2 және №9 көшелерге жол жабындысы төселуде. Жалпы, биыл кенттегі 8 көшеге жөндеу жүргізіледі. Осылайша, шамамен 90 пайыз көше толықтай асфальт болады. Сондай-ақ №1, 11, 12 көпқабатты үйлердің ауласы абаттандырылып, автотұрақ салынды. Сонымен қатар орталық көшеге аяқсу жеткізу мен мәдениет үйін салу бағытындағы жобалар да қолға алынды, – дейді әкім.

Алдағы уақытта кентте жаңа сүт фермасы мен өндірістік зауыттардың ашылуы жоспарланғанын атап өтті. Бұл жобалар бойынша құжаттар дайындалып, толық қолға алынғанын атап өтті. Егер бұл жобалар іске асса, жүздеген жұмыс орны қарастырылатыны анық.

Брифинг соңында Белкөл кентінің әкімі алты айдың ішінде атқарылған жұмыстарды баяндай келіп, алдағы кезеңде де қарқынды даму жалғасатынын жеткізді.

– Белкөл – әлеуеті зор, мүмкіндігі мол елді мекен. Біз биылғы жарты жылда айтарлықтай жұмысты еңсердік. Алда бұдан да ауқымды міндеттер тұр. Оларды жүзеге асыруда тұрғындармен бірлесіп еңбек ету басты мақсатымыз. Бірлігіміз бекем болса, кез келген белесті бағындырамыз, – деді кент әкімі Жасұлан Сәду.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА



■ ЕҢБЕК АДАМЫ

Бұл жерден тігін машинасының сырт-сырт еткен үні ғана естіледі. Тіпті жан-жағына бұрылып қарамаған ол жанына келгенімді де байқамады.

ЕРІНШЕКТІҢ ЖҰМЫСЫ ЕМЕС



Палайым Аңдамасова 60 жаста болса да мамандығынан алыстаған емес. Бүгінде перде тігудің маманы. Ісмер өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайды. Шәкірт те тәрбиеленп келеді.

– Бала кезімнен сән әлемі қызықтыратын. Сол бала арман тігінші болуға жетеледі. 10-12 жасымнан бастап тігін тіге бастадым. Еңбек сабағында Аманкүл деген ұстазым осы бағытқа тәрбиеледі. Көйлек пішіп беретін. Сол жастан бастап өзіме көйлек тігетінмін. Тігінмен айналысқаным 40 жыл болды. Ең сүйікті ісім ою ойып, сырмақ сырғанды жақсы көремін, – дейді Палайым апа.

Бұрын әр үйде тігін машинасы болатын. Анамыз біздің көйлегімізді өзі тігін беретін. Ал қазір әр үйден ине-жіп табу да қиын десек, артық айтқан емес.

– Жас кезімде әсіресе, ою ойғаннан шаршамайтынмын. Осы істі жақсы көремін. Қамзол, тақияны оюлап тігетінмін. Киіз үйдің жабыдығын да тіккенмін. Ат жабу, киіз үйдің жабықтарына ою салу секілді тігін жұмыстарын істедім. Қазіргі уақытта перде тігемін әрі киім жөндеймін. Кейде тапжылмай отырып, күні-түні жұмыс істеуге тура келеді. Тігін тігуді үйрену көп уақыт ала қоймайды. Тігін тігуге ерінбеу керек. Ең бастысы, ынта болса болғаны. Мүкият болу қажет. Мұнда қолдың икемі мен жылдамдық маңызды. Тігін өнерінде барлық несібен зор еңбекпен келеді, – дейді он саусағынан өнер тамған тігінші.

Бұл жерде арнайы өлшенген перде, шымылдық тігіледі. Оларды үтіктеп, тапсырыс берушіге жібереді. Сондай-ақ киім қысқарталды. Мұның барлығы асқан жауапкершілікпен жасайтын іс. Сырт көзге оңай



көрінуі мүмкін. Палайым апамен әңгімелесіп отырып, қайнаған еңбектің куәсі болдым. Тігінші болу үшін төзім, жауапкершілік секілді қасиеттің болуы маңызды. Себебі мұнда талап қатаң. Өрине, әр істің өз қызығы мен қиындығы болады. Дегенмен тігінші болу екінің бірінің қолынан келе бермейтініне көзім анық жетті.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Сыр өнірінде медицина саласы да жылдан-жылға қарқынды дамып келеді. Заманауи медициналық құрылғылардың саны артып, ел денсаулығын жақсартуға бағытталған кешенді шаралар жүйелі түрде жүзеге асуда. Солардың бірі – жақында пайдалануға берілген облыстық қан орталығы. Қалалық қоғамдық даму бөлімі ұйымдастырған баспасөз туры аясында облыстық қан орталығының жұмысымен танысып, қан тапсырып қайттық.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН ОРТАЛЫҚ



2024 жылы Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауынан бой көтерген жаңа нысан медициналық талаптарға сай, заманауи техникамен толық қамтылған. Жалпы ауданы 2,4 гектар, құны 2,7 миллиард теңгені құрайтын облыстық қан орталығы бүгінде үздіксіз жұмыс істеуде.

Жаңа нысан – аймақтың медициналық мекемелерін қанмен үздіксіз қамтамасыз ететін бірегей орталық. Атап айтқанда, бұл орталық облыс орталығы мен барлық ауданда орналасқан 16 медициналық ұйымға қызмет көрсетеді.

Мұндағы қан қоры ауыр жаракат алған науқастардан бастап, қажет болған жағдайда дүниеге келген сәбилер мен олардың аналарын, сондай-ақ қатерлі ісік пен ауыр диагноз қойылған жандарды өмірмен қайта қауыштыруға арналған маңызды ресурс. Осы себепті

орталығының директоры Серік Игембаев.

Жаңа нысан барлық заманауи талаптарға сай жабдықталған. Донорларға арналған ыңғайлы күту залы, медициналық тексеру бөлмелері, қан тапсыру кабинеттері, сондай-ақ қан анализін жылдам әрі дәл шығаратын жоғары технологиялы аппараттар орнатылған. Қан тапсырған соң донорларға тағам ұсынылады.

– Бұрынғы аппараттарға қарағанда қазіргі заманауи құрылғылар нәтижені әлдеқайда жылдам әрі дәл көрсетеді. Әрбір қондырғыға арнайы білікті мамандар жауап береді. Қазіргі таңда қан орталығында жүзге жуық қызметкер еңбек етеді. Олардың әрқайсысы өз ісінің білікті мамандары, – дейді облыстық қан орталығының директоры Серік Игембаев.

Қан тапсырар алдында арнайы дайындық қажет. Мәсе-



қан банкіндегі қор үздіксіз толықтырылып, арнайы кесте бойынша аудандарға тасымалданады.

Қан орталығы донорлықты дамыту мақсатында жүйелі түрде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Облыс орталығындағы, аудандардағы мекемелерде, оқу орындарында, әскери бөлімдерде тұрақты түрде қан тапсыру акциялары ұйымдастырылады. Бұл ерікті және тұрақты донорлар қатарын көбейтудің тиімді тәсілі.

– Біздің басты міндетіміз өңірдегі ауруханаларды сапалы әрі қауіпсіз қанмен дер кезінде қамтамасыз ету. Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығына сәйкес, орталықта кемінде екі күндік қан қоры сақтаулы тұруы тиіс. Қанның әртүрлі топтары, резус-факторлары және сақтау мерзімі бар. Мәселен, донордан алынған қан тек 49 күн ғана сақталады. Сондықтан қан жинау үдерісі үздіксіз жүріп отырады, – дейді облыстық қан

лен, донор болардан 48 сағат бұрын алкоголь ішпеу керек, қан тапсырудан бір күн бұрын майлы, қуырылған, ашы тағамдар мен сүт өнімдерін, жұмыртқа, жаңғақ, шұжық және құрма өнімдерін тұтынуға болмайды, сондай-ақ медициналық тексеру кезінде дәрігер сұрақтарына ашық әрі шынайы жауап беру қажет.

Мамандардың айтуынша, донор болу – тек қана игі іс емес, адамның өз денсаулығына да оң әсерін тигізеді. Өйткені қанның жаңару үдерісі жүрек-қан тамырлары жұмысына оң ықпал етеді, ағзаның қорғаныш қабілетін арттырады.

Қызылорда облыстық қан орталығы өңір медицинасындағы стратегиялық маңызы бар нысан. Мұнда тек қан емес, үміт пен өмір сақталады. Бұл жүректен жасалатын жұмыс. Әрбір донор бір ғұмырдың жалғасуына себепкер болмақ.

Айдана БАХТИЯР



ГАЗ МӘСЕЛЕСІ БАҚЫЛАУДА

Қызылорда облысында сұйытылған мұнай газының қолжетімділігі мен тұрақты қамтылуын қамтамасыз ету – күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі. Соңғы жылдары елімізде автокөліктердің газға қошу үрдісі жедел қарқын алып, тұтыну көлемі бірнеше есеге артты. Бұл бір жағынан, экология мен үнемділікке бағытталған болса, екінші жағынан өңірлерде газ бағасының тұрақтылығы мен тапшылықтың алдын алуға қатысты шешімдер қабылдауды қажет етеді. Осы орайда облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінде сұйытылған мұнай газы туралы брифинг өтті. Брифингте облыс әкімінің орынбасары Ардақ Темірханұлы Зебешев атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы айтты.

Қазақстан бойынша сұйытылған мұнай газының тұтыну көлемі жылдан-жылға артып келеді. Мәселен, 2022 жылы ел бойынша 1,8 млн тонна газ пайдаланылса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 2,4 млн тоннаға жетіп отыр. Аймағымызда да осындай өсім байқалады. 2022 жылы сұйытылған мұнай газын тұтынатын 7 290 автокөлік тіркелген болса, 2025 жылы олардың саны 35 690-ға жеткен. Салыстырмалы түрде 5 есеге артқан. Бұл тұрғындардың газға деген қызығушылығын артқанын білдіреді. Алайда сұраныстың артуы газ бағасына да әсер ететіні белгілі.

Айта кету керек, Қызылорда облысы республика бойынша сұйытылған мұнай газының ең төмен бағасы бойынша алдыңғы бестікке кіреді. Қазіргі таңда еліміздің 12 облысында газ бағасы 117 теңгеге дейін өскен болса, біздің өңірде бұл көрсеткіш біршама тұрақты.

– Шілде айында әкімдік бірнеше рет операторлармен мәжіліс өткізді. Нәтижесінде ортақ келісімге қол жеткіздік.

Біріншіден, операторлар шілде айында алған газ қалдығын бұрынғы бағамен, яғни 85-90 теңгеден сатуға келісті. Қазіргі таңда сол бағада алынған 586 тонна газ бекеттерде бар. Бұдан бөлек, Атырау зауытынан 648 тонна газ жолда келе жатыр, – дейді облыс әкімінің орынбасары Ардақ Темірханұлы.

Сондай-ақ газдың көтерме бағасы шекті деңгейден 5 теңгеге төмендеп, облыс орталығында газ литрі 97 теңгеден, ал аудандарда бекітілген шекті баға бойынша, нақтырақ айтқанда, 102 теңгеден сатылмақ. Тамыз айына министрлік тарапынан 7562 тонна сұйытылған газ бөлінді. Сонымен қатар өңірде газ тапшылығын болдырмау үшін қосымша шаралар қолға алынууда. Атап айтқанда газбен жүретін мемлекеттік мекеме автокөліктеріне бензин пайдалануға ұсыныс берілді.

– Облыста газ ресурстық базасын ұлғайту мақсатында энергетика министрлігі, «Қазгермұнай» және әкімдік арасында ұшжақты меморандум жасалды.



Соның негізінде «Қазгермұнай» өндіретін сұйытылған газ көлемін 60 мың тоннадан 120 мың тоннаға дейін арттыру көзделуде. Қыркүйек айынан бастап «Қазпетрол групп», «Галаз и Компания» және «Түзколь мұнай газ оперейтинг» компаниялары өз кен орындарынан «Қазгермұнай» зауытына газ жеткізуді бастайды. Нәтижесінде ай сайынғы өндіріс көлемі артады, – дейді облыс әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар 2025-2026 жылдары облыс аумағында метанмен жүретін автокөліктерге арналған 6 автомобильдік газ толтыру метан станциясын салу

жоспарланғанын атап өтті. Оның 2-і биыл жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Бұл жобаны «Эко энерджи плюс» ЖШС және «Алаш метан» ЖШС серіктестіктері жүзеге асырмақ.

– Алдағы уақытта коммуналдық мекемелерге қарасты техникаларды метан газына ауыстыру қолға алынбақ. Бүгінде облыс аумағы сұйытылған мұнай газымен толық қамтылған. Әкімдік тарапынан күнделікті мониторинг жүргізіліп, жағдай тұрақты бақылауда, – делі Ардақ Темірханұлы.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

БАС ЖОСПАР ҚАЛАНЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?

Қалада құрылыс қарқынды. Қазіргі уақытта облыс орталығының қай түкпірінен де құрылыс қарқынды екенін байқап жүрміз. Құрылыс дамудың көрсеткіші екені анық. Жыл басынан бері іске асуы тиіс жобалар мен атқарылған жұмыс барысын қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Дінмұхамбет Сырлыбаев брифингте айтты.

Қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі жыл басынан бері жеке және заңды тұлғаларға барлығы 13 730 қызмет көрсеткен. Қала бойынша 8 жарнама агенттіктері бар. Сыртқы жарнама нысандары бойынша қала бюджетіне 6 ай ішінде 37 420 млн теңге қаржы түскен.

Биыл қаланың бас жоспарының қолдану мерзімі аяқталады. Өткен жылы бас жоспарды жаңадан әзірлеу мақсатында бюджеттен қаржы бөлінген.

– Бас жоспарды әзірлеуге ашық конкурс жарияланған еді. Нәтижесінде Алматы қаласының «Қазгипроград» 1 жобалау институты» ЖШС жеңімпаз атанған. Қазіргі уақытта келісім шарт бойынша жобаның 2 кезеңі басталып, жобалаушы мекеме тарапынан бас жоспар әзірленуде. Сонымен қатар жобалаушы ұйымдар тартылып, Тасбөгет кенті, Қызылжарма ауылдық округі, Досан ауылының бас



жоспарын әзірлеу қолға алынды, – делі бөлім басшысы.

Бүгінде аймақ басшысының тапсырмасымен, қала аумағындағы ғимараттардың сыртқы келбетін ретке келтіру, абаттандыру, жерді мақсатына пайдалану және заңсыз құрылыс жұмыстарын болдырмау мақсатында қала әкімдігі жанынан құрылған арнайы жұмысшы топ бақылау шараларын жүргізуде. Соның нәтижесінде басқарма тарапынан 33 нысан бойынша 81 хаттама толтырылып, айыппұл салынған.

– Есепті кезеңде 158 нысанда заңбұзу-

шылық анықталды. Атап айтқанда, «Айзада Плаза» СҰ-нің қосымша құрылысы және «Қызылорда» қонақ үйінің екінші қабатынан салынған терасқа құрылысы, Астана даңғылы мен А.Иманов көшесінің қиылысындағы артық қоршау және Н.Лисков көшесінің бойындағы жазғы кафені бұзуға шешім қабылданды. Ал мемлекеттік меншіктегі жер телімдерін заңсыз иелену фактілері бойынша жер қатынастары саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп отырып, 77 құқықбұзушылық анықталды. Мәселен, тиісті рұқсат қағаздарын рәсімдемей

И.Журба көшесінің бойындағы қызыл сызықпен қабаттаса салынған көлік жуу ғимараты мен Иса Токтыбаев көшесі бойындағы сауда нысаны соттың шешімі негізінде бұзылды, – деді бөлім басшысы.

Сонымен қатар қала әкімдігі жанынан арнайы жұмысшы топ құрылған. Нәтижелі жұмыстың негізінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және абаттандыру қағидаларына сәйкес, заңсыз мемлекет жерін иеленген, мемлекет мүлкіне зиян келтірген, өз бетінше құрылыс жұмыстарын жүргізген, ортақ пайдалану аймағын ластаған тұлғаларға қатысты 954 хаттама рәсімделген.

Қазіргі уақытта құрылыс нысандарын салудың заманауи тәсілдері қолданысқа еніп, талап бұрынғыдан да күшейе түсуде. Өрине, құрылыс саласында сапа маңызды.

– Қаланың көркеюі үшін жауапкершілікпен жұмыс істеу – біздің міндетіміз. Қаламыздың сәулеттік келбетін дамыту бағытында жыл басынан бері 54 әскіздік жоба әзірленген. Оның ішінде компьютерлі тұрғын үйлердің қасбетін ләнер панелдермен қапталған 27 әскіз, жоғары сапалы бояумен боялғандар 14, 8 аллеяның және тағы басқа 5 ғимараттың толық әскіздік жобалары әзірленген. Шаһардың көркеюі көрік қосып, қауіпсіздігін сақтау – басты мақсатымыз, – делі бөлім басшысы Дінмұхамбет Сырлыбаев.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

СПОРТҚА ҚЫЗЫҒАТЫНДАР КӨП



Қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Думан Бодықов І жартыжылдықта атқарылған жұмыстың қорытындысы мен спорт саласының жай-күйін брифингте мәлімдеді.

Бөлім басшысының сөзіне сүйенсек, қаламызда жыл басынан бері бұқаралық спорт түрін дамытуға арнайы бағдарлама әзірленіп, бүгінде облыстық, қалалық, аудандық маңызы бар спорттық жарыстар өткізіліп келеді.

– 2022 жылы бұқаралық спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар саны 127 838 адамды, яғни қала халқының 36,6 пайызын құраса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 141 161 адамға, 39,5% жеткен. Ал 2024 жылғы статистикамен салыстырсақ, спортпен айналысушылар саны 155 755 адамға дейін артып, 43,1 пайызға жетті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 43,5

пайызға жеткізу жоспарда бар, – делі бөлім басшысы.

Халықтың әлеуметтік әлсіз тобы қатарындағы қала тұрғындарын қолдау мақсатында әр ай сайын аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларына арналып «Евразия», «Мұз айдыны», «Тарлан» спорт кешендеріне бір реттік тегін талондар мен жолдамалар беріліп, 6000-нан астам балаға спортпен айналысу мүмкіндігі жасалды. Ауыл тұрғындары да назардан тыс қалмайды. Жыл көлемінде қала және қалаға қарасты кенттер мен ауыл тұрғындары арасында бұқаралық спортты дамыту мақсатында жүйелі жұмыс жүруде.

49 спорт нұсқаушы жұмысқа тартылып, 3528 спортшыны қамту жоспарлануда.

Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға да қолайлы жағдай жасалған. Атап айтқанда, пара пауэрлифтингпен айналысатын спортшыларды тасымалдау үшін арнайы инвентарды қызметі іске қосылған.

Қажымұқан Мұнаймасұлы атындағы спорт клубының да жетістіктері аз емес. Мұнда 11 спорт түрі бойынша үйірме жұмысы жүргізіліп келеді. Олардың қатарында еркін күрес, дзюдо, таеквандо, коян-колтық ұрыс, каратэ-до, бокс, қазақ күресі, президенттік көпсайыс, футбол және пара пауэрлифтинг бар. Клуб спортшылары жыл басынан бері республикалық және халықаралық додаларда жүлделі орындарға ие болып, өңір намысын қорғауда. Мәселен, президенттік көпсайыс, пара пауэрлифтинг, коян-колтық ұрыс, грэпплинг спорт түрінен І, ІІ, ІІІ орындар алып, нәтижелі жетістіктерге қол жеткізуде.

– Қалалық деңгейдегі спорттық іс-шаралар да өз нәтижесін беруде. 2025 жылдың алғашқы алты айында қала мен оған қарасты елді мекендерде 70-тен астам спорттық шара ұйымдастырылған. Солардың ішінде Қажымұқан Мұнаймасұлының еске алуға арналған республикалық турнирді атап өтуге болады. Бұл долада еліміздің әр түкпірінен келген 200-ге жуық спортшы бақ сынады, – делі спорт және туризм бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Думан Бодықов.

Сондай-ақ Ы.Алтынсарин атындағы «Бәрің де жарысқа!» байқауына 1300-ге жуық оқушы қатысып, жас ұрпақ арасында салауатты өмір салтының негізі қаланды. Ал ұлттық мерекелер аясында

ұйымдастырылған «Наурызнама – 2025», «Ораза айт» күндеріндегі ұлттық ойын жарыстарына 4500-ге жуық қала тұрғыны атсалысты. Велоперу, ашық турнирлер мен веложарыстар да жоғары деңгейде өтіп, тұрғындардың қызығушылығын тудырды.

Спортпен қатар туристік индустрияға жағдай жасау – басты назарда. Қазіргі таңда жағажай қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті барлық шаралар толық көлемде орындалды. Атап айтқанда, шомылу аумағы арнайы қоршалып, құтқарушылар мен нұсқаушыларға моторлы қайық қарастырылып, алғашқы медициналық көмек көрсету пункті ұйымдастырылды.

Демалыс орындары қала тұрғындары мен қонақтары үшін негізгі туристік аймақ болып саналады. Қала аумағында рұқсат етілген 15 демалыс орны жұмыс істейді.

– Қазіргі таңда қала аумағында 15 ресми демалыс орны жұмыс істейді. Олардың арасында жандартылған «Сыр самалы» демалыс аймағы мен «Көксу» жағажайы тұрғындарға жайлы демалыс орындарының біріне айналған. Сонымен қатар 13 туристік агенттік қала тұрғындары мен қонақтарына сапалы қызмет ұсынууда. 2025 жылдың алғашқы тоқсанында Қызылорда қаласына 29 545 ішкі турист келген. Сыртқы туристердің саны – 901 адамды құрайды, – делі қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Думан Бодықов.

Спорт пен туризмнің дамуы – аймақтың экономикалық, мәдени және әлеуметтік дамуына серпін берері сөзсіз.

Айдана БАХТИЯР

ӘЛЕМДІК КИБЕРМАЙДАН: жеке деректі қалай ұрлайды?

Жеке деректердің сыртқа тарауы неңдей қауіпті?

Мұндай ақпарат қылмыскерлердің қолына түскен жағдайда қаржылық алаяқтық, банк шоттарын бұзу, жалған құжат жасау, фишингтік шабуыл сияқты түрлі заңсыз әрекеттерге жол ашылады. Мысалы, ұрланған деректерден алаяқтар адамның толық аты-жөнін, ЖСН, байланыс нөмірін біліп алып, банк қызметкері ретінде қонырау шалуы немесе кредит рәсімдеуі мүмкін. Сарапшылардың айтуынша, қазіргі таңда дербес ақпарат «жана мұнай» іспетті өте құнды ресурсқа айналды, оны заңсыз жолмен иемденгендер қара базарда сатып, пайдаланып, пайда табады. Сондықтан дүние жүзі бойынша әр ел, компания цифрлық қауіпсіздікті күшейтуге миллиардтаған қаржы жұмсап жатса да, мәліметтердің сыртқа шығып кету қатері тоқталар емес.

Биылғы маусым айында интернетте қазақстандықтардың жеке деректері бар аса ірі дерекқор ашық таралып кеткені анықталды. Атап айтқанда, ашық желіге 16,3 миллион жазба жүктелгені хабарланды, бұл Қазақстан халқының басым бөлігінің дерегі деген сөз. Азаматтардың аты-жөні, туған күні, ЖСН, тұрғылықты мекенжайы, ол мекенжайға қоныстанған жылы, байланыс телефон нөмірлері, жынысы, азаматтығы, ұлты және басқа да жеке сипаттамалары бар екені белгілі болды. Бір сөзбен айтқанда, тұрғындардың толық анкеталық мәліметтері қолды болып, интернетке шығып кеткен.

Бұл оқиғаны «SecuriXy.kz» атты Telegram арнасы және Кибершабуылды талдау және тергеу орталығы (ЦАРКА) мамандары мәлімдеді. ЦАРКА президенті Олжас Сәтиев мұндай ауқымды дерек таралу фактісі болғанын растады және оны «өте ауқымды оқиға» деп бағалап, мемлекеттік органдар бұл істі мұқият тергеп жатқанын айтты. Оның сөзінше, 16 миллионнан астам адамның мәліметі тараған мұндай жағдай киберқауіпсіздік саласындағы бұрын-соңды болмаған оқиға жағдайлардың бірі. Халықтың шамамен 70%-ының дерегі қолды болғандықтан, бұл қазақстандықтардың цифрлық қауіпсіздігіне үлкен соққы.

Ресми органдар бірден іске кірісті. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (МЦРИАП) 16 маусым күні түскен ақпарат бойынша тексеру басталғанын мәлімдеді. Министрліктің дерегіне, ақпараттық қауіпсіздік комитеті құқық қорғау органдарымен бірлесіп, тарап кеткен деректердің қайдан шыққанын және қаншалықты өзекті екенін анықтау үстінде. Алдын ала талдау нәтижелері «мәліметтердің жеке меншік ақпараттық жүйелерден шығуы мүмкін екенін, мемлекеттік дерекқорларға сыртқы шабуыл болмағанын» көрсетті деп хабарланды. Яғни, хакерлік шабуыл арқылы үкіметтің деректер базасын бұзу фактілері тіркелмеген, ақпарат мемлекеттік емес мекемелердің қолындағы базадан тараған деген болжам бар. Шынында да, шілде айында жүргізілген тергеу нәтижесінде премьер-министр Олжас Бектенов базаға қатысты деректердің 2022 жылғы мәліметтер екенін және алдын ала қорытынды бойынша, ақпарат медицина ұйымдарынан таралғаны ықтимал екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, кейбір жеке медициналық мекемелер мемлекеттік деректер базасына қол жеткізе отырып, сол деректердің сақталуын тиісті деңгейде қамтамасыз етпеген болуы мүмкін. Осы нұсқа бойынша тергеу жалғасуда, және үкімет кінәлі тұлғаны анықтап, қылмыстық жауапкершілікке тартуға уәде берді. Іс бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті қылмыстық іс қозғап, тергеу амалдарын жүргізуде.

Деректердің мұншалық кең көлемде таралуы қазақстандықтарды алаңдатып, наразылық туғызды. 16 миллион адамның жеке ақпараты – іс жүзінде әрбір ересек қазақстандықтың деректері деген сөз. Әлеуметтік желілерде көпшілік өз мәліметтерінің қауіпсіздігіне күмән келтіріп, деректердің қалай және кімнің кінәсінен шығып кеткенін қызу талқылады. Министрлік мұндай жағдайдың бірінші рет емес екенін атап өтті: бұған дейін де біраз жеке деректердің интернетке шығып кеткен оқиғалары болғанын еске салды. Мысалы, 2019 жылы Қазақстан тарихында тұңғыш рет аса ірі деректер таралуы тіркеліп, 12 миллионға жуық адамның толық аты-жөні мен тұрғылықты жері көрсетілген мәліметтері ғаламторда жария болған еді. 2021 жылы жаһандық «Facebook» деректерінің жылыстауы кезінде 3 миллионнан астам қазақстандықтың жеке мәліметтері (Facebook-тегі аккаунттарға қатысты

деректер) қолды болғаны белгілі. 2024 жылдың басында да бірқатар микронеснелік ұйымдар мен қызмет көрсетушілер базаларынан деректер шығып кеткен жағдайлар тіркелген. Айталық, 2024 жылдың көктемінде белгілі «Zaimet.kz» микроқаржы ұйымы 2 миллион клиенттің дерегін жоғалтып алғанын хабарлады. Яғни, қазіргі оқиға сол тізбектегі ең соңы әрі ең ауқымдысы ғана. Сарапшылардың пікірінше, бұл індеттің түп-төркіні жеке сектордың ақпараттық қауіпсіздікке салғырт қарауы мен пайдаланушылар деректерін тиісті деңгейде қорғамауы.

Таралған деректер арасында азаматтардың жеке мәліметтері болғандықтан, қолдан жасалған құжаттар, алаяқтық қонырауға пайдалану қаупі зор. Мысалы, қазақстандықтар соңғы жылдары белгісіз нөмірлерден жиі қонырау шалып, өзін банк қызметкері ретінде таныстыратын алаяқтардың әрекетіне шағымданып жүр. Мұндай қоныраулар мен SMS хабарламалардың жиілеуі көбіне алдын ала таралған деректердің нәтижесі екені жасырын емес. Осы 16 миллион жеке деректің таралуынан кейін де мамандар азаматтарды сақ болуға, жеке деректерін қорғауға қатысты ұсыныстарды күшейтті. Мемлекет тарапынан да шұғыл шаралар қарастырылды. МЦРИАП деректері тараған азаматтардың әрқайсысына eGov порталындағы жеке кабинет арқылы хабарлама жіберілетінін айтты. Яғни, кімнің дерегі сыртқа шыққаны анықталса, ол адам электрондық үкіметке кіргенде ескерту алады. Бұл – халыққа өз мәліметінің қауіпті аймақта екенін біліп, тиісті сақтық шараларын қабылдауға мүмкіндік беру үшін жасалған қадам.

eGov және цифрлық платформаларда жеке мәліметтерді қорғау жолдары

Жеке деректердің таралу оқиғасы азаматтарға өз мәліметтерін онлайн жүйелерде қорғаудың маңызды екенін тағы бір мәрте көрсетуде. Қазақстанда халық көптеген мемлекеттік қызметті eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы алады, жеке кабинеттерінде құжаттарын сақтайды. Сондықтан ең алдымен, eGov пен басқа цифрлық платформаларды пайдалануда қарапайым сақтық ережелерін қаперде ұстау керек. Мысалы, электрондық цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) – eGov қызметтеріне қол жеткізудің кілті. Киберқауіпсіздік мамандары ЭЦҚ кілтің ешкімге, тіпті жақын туысқа да беруге болмайтынын ескертеді, себебі ол қолды болса, бөтен адам сіздің атыңыздан түрлі әрекеттер жасап, құжаттарға қол жеткізуі мүмкін. Сол сияқты eGov порталына кірерде логин мен құпиясөзді қауіпсіз сақтау, SMS немесе биометрия арқылы қосымша растау механизмдерін қолдану маңызды. Қазір eGov жүйесінде авторизация кезінде азаматтарға ЖСН мен құпиясөзден бөлек, ұялы телефонға SMS код жіберу қарастырылған – осындай мүмкіндіктерді міндетті түрде пайдалану керек.

Электронды қызметтерді қолданғанда ең көп кездесетін қауіптің бірі – фишингтік сайттар мен жалған қосымшалар. Сондықтан ресми сайттардың мекенжайын мұқият тексеріп, тек солар арқылы кіру қажет. eGov.kz порталының жалған баламасы да кездескен жайт болды, сол үшін браузердің мекенжай жолына көңіл бөліп, сертификаттың түпнұсқалығын (https қауіпсіздік белгішесі) қараған жөн. Жеке мәліметтерді талап ететін хаттарға, SMS-терге, әлеуметтік желідегі күмәнді сілтемелерге өтіп кетпеу керек, көптеген алаяқтық схемалар азаматтардың аңғалдығын пайдаланатыны белгілі. Мемлекеттік органдар мен банк қызметкерлері құпия ақпаратты телефон арқылы сұратпайтынын еске ұстаған жөн. Егер сізге телефон арқылы ЖСН, банк картасының нөмірі, бір реттік SMS код сияқты деректерді айтуды өтінсе, ол алаяқ болуы әбден мүмкін.

Электрондық үкіметпен қоса, қазақстандықтар күнделікті банктердің мобильді қосымшаларын, онлайн сауда платформаларын, әлеуметтік желілерді кенінен пайдаланады. Бұл платформаларда да жеке ақпаратты сақтау ережелері бірдей: күрделі құпиясөздер пайдалану, әр сервис үшін әртүрлі құпиясөз орнату, мүмкіндігінше барлық аккаунттарға 2

факторлы аутентификация қосу, құпиясөзді браузерде немесе бөтен қосымшада сақтамау сияқты қағидалар – киберигиенаның негізі болып табылады. Сонымен бірге әлеуметтік желілерде өзіңіз туралы артық мәлімет жарияламауға тырысыңыз: ашық профиліде тұрғылықты мекенжай, телефон нөмірі, жеке құжаттар фотосы сияқты деректерді көрсетпеу ұсынылады. Интернетте «бір ақпарат – бір адам» деген ұстаным бар, яғни интернетке шығарған әр ақпаратыңыз өзіңіз туралы хакерлерге болмашы да болсын, мәлімет береді, оны кейін сізге қарсы пайдалануы мүмкін. Сондықтан жария ақпарат көлемін шектеу – өз қолыңыздағы шара.

Мемлекет тарапынан да eGov жүйесінің қауіпсіздігін күшейту бойынша қадамдар жасалуда. Жоғарыда аталған деректердің таралу оқиғасынан кейін билік жеке деректерді сақтау тәртібін қайта қарап, жана функциялар енгізуді қолға алды. 2023 жылдың қаңтарында «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңнамаға өзгерістер енгізіліп, заң бұзушыларға салынатын айыппұл көлемі өсті (бұрын 10-нан 1000 АЕК-ке дейін болса, қазір 30-дан 2000 АЕК-ке дейін). Ал 2025 жылдың соңына дейін eGov.kz порталында азаматтардың әртүрлі ұйымдарға берген жеке деректеріне келісімдерін қадағалап, кері қайтарып алуына мүмкіндік беретін жана сервис іске қосылмақ. Цифрлық даму министрлігінің түсіндіруінше, бұл тетік арқылы әрбір азамат үйден шықпай-ақ, қандай мекеме өз деректерін сақтап отырғанын көре алады және қажет жағдайда сол ұйымнан өз дерегін жоюды талап ете алады. Өтініш бергеннен кейін 15 күн ішінде ұйым азаматтың дербес деректерін базасынан өшіруге міндетті болады деп жоспарлануда. Дегенмен мамандар бұл жаңалықты маңызды қадам деп бағалағанымен, оның толық нәтиже беретініне сенімсіздік білдіретіндер де бар. Өйткені кейбір деректер заң бойынша ұзақ жыл сақталуға тиіс. Мысалы, жұмыс беруші қызметкерлердің мәліметін 10 жыл сақтайды, банктер несиеі толық өтелгенше қарыз алушының деректерін жоя алмайды деген сияқты талаптар бар. Сондықтан, қанша заманауи цифрлық қорғаныс жүйелері енгізілсе де, жеке қауіпсіздікке әрбір адам өзі сақ болу керек.

Аймақтағы ахуал

Қызылорда облысы полиция департаментінің бастығы Серік Ерғешовтің айтуынша, киберқылмыстар мен интернет-алаяқтықпен күресу үшін жана цифрлық шешімдер кенінен қолдануда. Соның ішінде бірнеше маңызды бағытты атап өтуде.



– Жасанды интеллект көмегімен күдікті транзакцияларды автоматты түрде анықтайтын алгоритмдер қолданылады. Сонымен қатар Ұлттық банк пен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі арасында ортақ «Антифрод-орталық» жүйесі арқылы алаяқтық транзакциялар дер кезінде бұғатталуға қойылады. «KazDream» және «Seven Hills of Kazakhstan» мекемелерінің жасаған арнайы бағдарламалары кенінен қолданылуда, – дейді департамент бастығы.

Полиция департаменті басшысының айтуынша, ағымдағы жылдың шілде айында Астана қаласынан «Инстаграм» желісі арқылы республика тұрғындарына ақша қаражаттарын есептеп беремін деген жарнама арқылы алдаған 2 адамнан құрылған топ құрықталды. Қазіргі уақытта 20 қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде, – дейді ол.

– Сонымен қатар интернет желісі арқылы автокөлік сататыны жөнінде жалған хабарландырулар арқылы алаяқтық жасап жүрген топ құрықталып, қылмыстық іс сотқа жолданған. Бұдан бөлек, сәуір айында Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке деректерін иемденіп, олардың атынан жарнама агенттігіне тіркеп, алаяқтық жолмен алынған ақшаларды криптовалюта арқылы сатумен айналысқан Астана қаласының тұрғыны анықталып, ұямаққ түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған. Қазіргі уақытта басқа облыстардағы 18 қылмыстық іске қатысты екені анықталып, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде, – дейді ол.

Қазіргі уақытта интернет кеңістігінде алаяқтық қылмыстарының артуы қоғам үшін елеулі қауіп төндіруде. Осыған байланысты Қызылорда облысы Полиция департаменті тарапынан интернет-алаықтыққа қарсы күресті күшейту, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және қылмыстың алдын алу бағытында бірқатар жүйелі шаралар қабылданауда.

– 2025 жылдың алты айында Қызылорда облысы Полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасымен интернет-алаықтықтың алдын алу мақсатында 647 түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қала және аудан тұрғындарымен кездесулер, түсіндірме әңгімелер, интерактивті дәрістер мен дөңгелек үстел

өткізілді. Облыс көлеміндегі мектептер, колледждер мен университеттерде студенттер мен оқушыларға арналған ашық сабақтар өткізілді. Бейнороликтер, жадынамалар мен ақпараттық парақшалар таратылды. Барлығы 35 мыңнан астам жадынамалар таратылды. Халық көп шоғырланатын орындарда (орталық алаң, базарлар, сауда үйлері, қоғамдық көлік, әуежай, орталық стадион, вокзал) түсіндірме жұмыстары жүргізілді, – дейді Серік Ерғешов.

Сақтықта қорлық жоқ

Жеке мәліметтердің таралып кету қаупі – цифрлық қоғамның шындығы. Одан толық құтылу мүмкін емес шығар, бірақ әрқайсымыз өз деректерімізді қорғау үшін қолдан келгенді жасауға тиіспіз. Төменде цифрлық қауіпсіздікті сақтауға қатысты кеңестер ұсынылады.

Құпиясөздер қауіпсіздігі. Барлық маңызды аккаунттарыңызда күрделі, ұзын және әр платформада қайталанбайтын құпиясөз қолданыңыз. Құпиясөзді жиі ауыстырып, ешқашан ешкімге айтпаңыз. Мүмкіндік болса, құпиясөздерді сақтауға арналған менеджер-қосымшаларды пайдаланыңыз – олар әр сервиске бөлек қиын құпиясөз ойлап тауып, есте сақтауды жеңілдетеді.

Екі факторлы аутентификация (2FA). Пошта жәшігі, әлеуметтік желі, банк қосымшасы болсын, барлық аккаунттарыңызға 2FA қосыңыз (SMS-код, арнайы қосымша немесе аппараттық токен арқылы). Бұл бөтен біреу құпиясөзіңізді біліп қойған күннің өзінде аккаунтқа кіре алмауына кепілдік береді.

Фишингтен сақтану. Белгісіз нөмірден келген қонырауларға жауап беру, күмәнді SMS пен мессенджердегі сілтемелерге өтудің соны алаяқтардың арбауына түсіруі мүмкін. Сондықтан банк қызметкері, мобильді оператор немесе курьерлік қызмет атынан хабарласқан бейтаныс адамдарға сенбеңіз. Банк шотыңыз, қарғаның PIN коды, SMS арқылы келетін құпия код сияқты мәліметтерді ешкімге айтпаңыз. Күдік тудырған хабарламаларды елеменіз, ондағы сілтемелерді ашпаңыз.

Әлеуметтік желі және қосымшалар құпиялылығы. Жеке парақшаларыңыздағы жария ақпарат көлемін қайта қараңыз. Үй мекенжайы, телефон нөмірі, отбасы мүшелері жөніндегі деректер, құжат нөмірлері сияқты ақпаратты көпшілікке ашық жарияламауға тырысыңыз. Профильдегі құпиялылық баптауларын барынша қатаң қойып, тек таныс адамдарға ғана көрінетіндей шектеңіз. Бейтаныс немесе сенімсіз мобильді қосымшаларды орнатпаңыз; олар талап ететін рұқсаттарды (контакт тізіміне, файлдарға қолжетімділік) мұқият тексеріңіз.



eGov және банктік қауіпсіздік. ЭЦҚ-ны бөтен компьютерде пайдаланбаңыз, электрондық қолтаңба кілттерін флешкада ашық сақтамай, құпиясөзбен қорғаңыз. eGov.kz немесе банк сайтына кіргенде ресми URL-мекенжайды тексеріңіз (мысалы, eGov үшін https://egov.kz). Егер деректеріңіздің таралу қаупі бар деп ойласаңыз, eGov порталында өз атыңыздан онлайн несие алуға тыйым жасауға өтініш беріңіз. Сонда алаяқтар сіздің атыңыздан несие рәсімдей алмайды. Қандай да бір ұйымнан несие алуға өтініш беріп, кейін ойыңызды өзгертсеңіз, сол ұйымға барып, берген жеке деректеріңізді жою жөнінде өтініш қалдыруға болатынын естен шығармаңыз.

Мониторинг және бақылау. Банкігегі есепшоттарыңыз бен несие тарихыңызды ұдайы тексеріп отырыңыз. Кредиттік бюро ұсынатын тәулік бойғы мониторинг қызметтерін пайдаланып, атыңыздан жана несие рәсімделсе бірден хабарлама алуды қосып қойыңыз. Егер дербес деректеріңіздің интернетте тарағанын білсеңіз, шұғыл түрде банкке хабарлап, аккаунттарыңыздың құпиясөзін ауыстырып, қажет болса карталарды қайта шығарып алыңыз.

Жүйе мен бағдарламаларды жанарту. Компьютеріңіздің және смартфонныңыздың операциялық жүйесін, антивирус және браузер сияқты бағдарламаларды үнемі жанартып отырыңыз.

Цифрлық қауіпсіздік – тек IT мамандары немесе мемлекет шешуі тиіс мәселе емес, баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз. Жеке мәліметтер әр адамның өзіне қымбат, ал оларды қорғау – заман талабы. «Менде құпия не бар деймін» деп бейқамдық танытау керек, киберқылмыскерлерге кез келген адамның дерегі құнды, оны түрлі мақсатта пайдалануы мүмкін. Сондықтан жоғарыдағы кеңестерді күнделікті дағдыға айналдырсақ, цифрлық әлемде өзімізді әлдеқайда қауіпсіз сезіне аламыз. Мемлекет те өз тарапынан заңнаманы жетілдіріп, деректерді сақтаудың ең озық технологияларын енгізуде, өзара үйлескен шаралар елімізде жеке мәліметтердің сыртқа шығып кету оқиғаларын барынша азайтуға сеп болмақ. Цифрлық қауіпсіздік – ұжымдық жауапкершілік, әрбір азамат, әрбір компания және үкімет бірлесе әрекет еткенде ғана жеке деректерімізді сенімді қорғай аламыз.

C.Хайрулла

Әлемдік тәжірибе: кім қалай қорғайды?

Жеке деректердің қорғалуын заңнамалық тұрғыда күшейту – әлем елдерінің барлығында күн тәртібіндегі мәселе. Еуропалық Одақ бұл бағытта ең қатан және жан-жақты ережелер енгізген аймақ болып саналады. 2018 жылы ЕО көлемінде GDPR (General Data Protection Regulation) – Жалпы деректерді қорғау регламенті күшіне енді. GDPR талаптарына сәйкес, компаниялар азаматтардың дербес ақпаратын сақтауда жіберген әрбір салғырттығы үшін орасан үлкен көлемде айыппұлдар төлеуі мүмкін. Мысалы, деректердің сыртқа шығуына жол берген ұйымға жылдық жаһандық айналымының 4%-ына дейін, немесе 20 миллион еуроға дейін (қайсысы көбірек болса) айыппұл салынады. Оның нақты мысалдары да бар: British Airways әуе компаниясына жасалған кибершабуыл салдарынан 500 мың жолаушының мәліметі ұрланғаны үшін Ұлыбританияның ақпарат комиссары 183 млн фунт айыппұл салды. GDPR ережелері тек айыппұлмен шектелмейді. Компаниялар 72 сағат ішінде уәкілетті органға және зардап шеккен тұтынушыларға деректердің бұзылғаны туралы хабарлауы тиіс. Бұл регламент қабылданғалы Еуропада жеке деректерді қорғау жауапкершілігі компания басшылығы деңгейінде басты назарға шығып, privacy by design (жобалаудан бастап құпиялылықты ескеру) принципі кең таралуда. АҚШ-та федералдық деңгейде ЕО тәрізді бірыңғай дерекқорға қатысты заң жоқ, бірақ әрбір штаттың жеке деректердің құпиялылығын сақтау бойынша заңдары бар. Барлық 50 штат компаниялар үшін дерекқоры бұзылған жағдайда тұтынушыларға міндетті түрде ескерту жасауды талап етеді. Кейбір штаттар (мысалы, Калифорнияның CCPA заңы) деректердің қолданылуын шектеп, азаматтарға өз мәліметтерін жоюды талап ету құқығын береді. Америкада аса ірі дерекжайылу оқиғаларынан кейін корпорациялар қомақты өтемақы төлеуге мәжбүр болып жатады. Uber компаниясы 2016 жылғы 57 млн қолданушы дерегі ұрланған инцидентті жасырып қалғаны үшін 2018 жылы 148 млн \$

айып төлеуге келіскен болатын, бұл АҚШ тарихындағы ең ірі дерек бұзу үшін айыппұлдардың бірі еді. Яғни, АҚШ-та дерекқорға қол сұғылса, компаниялар миллиондаған доллар өтемақы мен сот шығындарын өтеуге мәжбүр болады, сондықтан коммерциялық секторда деректерді кибершабуылдан қорғау бизнестің өз мүддесі үшін жасайтын шаруасына айналды. Оңтүстік Корея осы мәселеде аса қатан тәртіпті елдің бірі саналады. Елдің «Дербес ақпаратты қорғау туралы» заңы бойынша компаниялар деректердің бұзылғанын білсе, 24 сағат ішінде уәкілетті органдарға және пайдаланушыларға хабарлауды міндеттейді. 2014 жылы Кореяда үш бірдей ірі қаржы компаниясының 20 миллионнан астам адамның кредиттік деректерін жоғалту оқиғасы (ел халқының –40%-ы) болғанынан кейін заңнамаға ауқымды өзгерістер енгізілген. Қазір Оңтүстік Кореядағы ережеге сай, деректердің сыртқа шығуына кінәлі кәсіпорындарға жылдық табысының 3%-ына дейінгі көлемде айыппұл салынып, әрбір зардап шеккен тұтынушыға 3 миллион оңтүстік корей вонасы (шамамен 2600 \$) мөлшерінде өтемақы төлеуі мүмкін. Егер компания дерекбұзушылық фактісін жасырып, кеш хабарласа, қосымша 50%-ға дейін үстеме айыппұл қарастырылған. Мұндай қатал жаза механизмі ұйымдарды кибершабуылдардың алдын алуға ынталандырады және оқиға орын алса, дереу өзкереңлеп, тиісті шаралар қабылдауға мәжбүрлейді. Тіпті 2023 жылы Кореяда бір компанияның қауіпсіздік жөніндегі жауапты қызметкері деректердің таралуына жол бергені үшін жеке өзі 10 млн вон (8500 \$ шамасында) айып төледі деген дерек бар. Бұл лауазымды тұлғаның жеке жауапкершілікке тартылуы тұрғысынан үлгі боларлық оқиға. Қорыта айтқанда, халықаралық тәжірибеде жеке мәліметтерге селқос қараған ұйымдарды қатан жазалау, азаматтардың құқықтарын заңмен қорғау, компаниялардың есеп беруін талап ету арқылы цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тырысады.

C.ТЕМІРБОЛАТ

Басы 1-бетте

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»



АБАЙ

ҚҰНАНБАЕВ – 180

ОТЫЗ ТӨРТИНШІ СӨЗ

Жұрттың бәрі біледі өлетуғынын және өлім үнемі қартайтып келмейтұғынын, бір алғанды қата жібермейтұғынын. Қазақ осыған да, амал жоқ, нанады, анық өз ойына, ақылына тексертіп нанбайды.

Және һәмманы жаратқан құдай бар, ахиретте сұрау алады, жамандыққа жазғырады, жақсылыққа жарылғайды, жазыруы да, жарылғауы да пенде ісіне ұқсамайды, бегірек есепсіз кинауы да бар, бегірек есепсіз жетістіруі де бар деп, бәріне – сендік дейді. Жоқ, онысына мен сенбеймін? Олар сендім десе де, анық сенген кісіге ұяйым ойлап не керек? Осы екеуіне лайықты жақсылықты өздері де іздеп таба береді. Егерде осы екеуіне бұлдыр сеніп отырса, енді неге сендіре аламыз? Оны қайтіп түзете аламыз? Оларды мұсылман деп, қалайша иманы бар ғой дейміз?

Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес. Олай болғанда, қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес. Енді ойлап қарай бер, біздің қазақ та мұсылман екен.

Егерде екі нәрсе кез болса, бірі ахиретке керекті, бірі осы дүниеде керекті, бірін алса, бірі тимейтұғын болса, сонда біреу ахиретке керектіні алмай, екінші бір кез келгенде алармын деп, жоқ, егер кез болмайтұғын болса, кең құдай өзі кеңшілікпенен кешіреді-дағы, мына кезі келіп тұрғанда мұны жіберіп болмас деп, дүниеге керектіні алса, енді ол кісі жанын берсе, ахиретті дүниеге сатқаным жоқ деп, нанаға бола ма?

Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде – туысын, өсуін, тоюын, ашығуын, қайғын, қазан, дене бітімін, шыққан жерін, бармақ жерін – бәрі бірдей, ахиретке қарай – әлуін, көрге кіруін, піруін, көрден мақшарда сұралуын – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хауіпін, екі дүниенің жақсылығына рахатын бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзін дүниеге де қонақ екенсің, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсексізарлық қылып, көз алартыспақ лайық па?

Тілеуді құдайдан тілемей, пенделен тілеп, өз бетімен еңбегімді жанлр демеі, пәленшенікің әпер демеі ол құдайға айтарлық сөз бе? Құдай біреу үшін біреуге жәбір қылуына лайығы бар ма? Екі ауыз сөздің басын қосарлық не ақылы жоқ, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр «өй, тәңір-ай!» деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам?

РЕКОРДА КІТАБЫНДАҒЫ ШЕБЕР

— Біз тіккен құрақ көрпе, жастықтар Асқар Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде тұр. Жәрмеңкелен қытайдың заттарын осылай ұлттық өнеріміз арқылы ығыстырып жатырмыз. Біздің мақсат – қолымыздан келетін сөмке, қалпақ тігіп, олардың санын көбейту. «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар үйіне Рамазан айында аудандардан жастық, көрпеше тігіп сыйлыққа бердік. 7 үйге толық көрпеше тігіп бердік. Қандай істе болса да, жұртқа себің тиіп жатса, сол бізді қуанышқа бөлейді. Біреуге пайдаң тигенін үшін мерейің үстем жатады, — дейді үлкен жүректі ісмер.

Бүгінде Күләйхан апа тігін машинасының жанында жалғыз отырмайды. Қызы Айдана мен немересі Нұрбибі серігіне айналды. Айдана «Көшпенділер ойыны» аясында «Жыл үздігі, өнер шебері» атты сертификатпен марапатталды. Айтпақшы, Айдана да, Күләйхан апай да шетелдіктердің қазақ өнеріне осыншалықты тамсанғанын айтқанда жүздерінен бақыт лөбі еседі.

— «Көшпенділер ойынына» барған кезде ерекше сезімде болдым. Бастапқыда күн салқын болды, ал жарыс болар күні жарқырап, көктем иісін сезіндік. Өзім екінші күні бар уақытымды киіз үйге арнадым. Барлығын араладым. Жанына ұлын ертіп алған орыс келіншекті көрдім. Ол «үйде отыра алмадық, қызытып көзбен көрейік деп келдік» делі. Мынадай ортаның өнеріне қарап, бейжай отыра алмайтынын айтты. Ал менде ерекше сезім болды. Өзгелердің өнерінді бағалап жатқаны көңілді көтереді екен. Біз барған кезде адам аз еді. Құрақтарды жая бастаған кезде 100-ден аса шетелдіктің келгенін анғардық. Арабтар келіп бізбен суретке түсті. Бір нәрсе айтқысы келді де, бірақ сезімін жеткізе алмады, — дейді Күләйхан апай.



Дәулет ҚЫРДАН

Бүгін – Сырдың ақын қызы Гауһар Асқарқызының туған күні. Алпыс деген асқар таудың шыңына шыққан сөз зергері осы алпыс жаста ауылға асықты. Кіндік қаны тамған қасиетті мекеннің топырағына балаша ауағысы келді. «Ақындар ауылда туып, Астанада өледі» деп үлкен шығармашылық ортаға жылыстайтын еді, біздің әріптес ауылға ат


басын бұрды. Өлеңдерінің басым бөлігі ауылға арналған ақын әріптесіміз мерейлі жасында туған жерінде шығармашылық кешін өткізіп, алғашқы жыр жинағының тұсауын кеспек.

Ол «Әйтеуір ауыл жаққа асығамын» деп өлең жазды. Ол жай ғана өлең емес, өрнекті өмірдің көрінісін көрсетті.

Туған жердің ақ шаны, шеңгелі мен жиденің гүлінің

ісісі мұрнын жарып, «Мен ауылды шексіз сүйем расы», «Балалық шаққа саяхат», «Шеңгелінің ісісі-ай» деп толғанды. Әрбір өлеңі лирикаға негізделіп, көз алдыңызға ғаламат көрініс әкеледі. Бүгін біз ақынның бірнеше өлеңін назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

Редакциядан.



Балалық шаққа саяхат

Бауырларым, менің жан бауырларым, Қандай жақсы жанымнан табылғаның. Күн күмбезі көктемнің шуағындай, Қыздырды өн бойымды жалындарың.

Сендерге арқа сүйеймін шыңға қарай, Әрбіріңнің көзің – күн, тұлған – арай. Бауырларым, байлығым өздеріңсің, Өздеріңді тіл-көзден сақта Құдай!

Бала күннен баулыған барлығына, Ризамын бала күнгі тағдырыма. Желден, күннен қорғадың балапандай, Үйреттіндер тірліктің сан қырына.

Кесек тамда шүпірлеп өріп едік, Құтты жерде өмірге келіп едік. Есейіп ұшқанбыз біз ұямыздан, Айырылмастай сол кезде болып едік.

Өмір бізді ағыспен лақтырды, Алдымызда көптеген сынақ тұрды. Ата-анамыз аттанып бақилыққа, Саялы бәйтерек те құлап тынды.

Шығармашылық азаматының қиялы ұшқыр болуы үшін көңіл көзқарасы кеңістікке жол тартуы керек. Мұндай құбылысты Күләйхан апай да бастан өткізгені. Ол әсіресе, жаңа көрініс жана идеяға бағыттағанын айтады.

— Бізде ерекше идея туып, ойланып жана дүние жасауға уақыт жоқ. Бірақ әр барған жер бізге жаңаша тыныс береді. Шабыт ашылады. Қоршау алынып, кеңістік сыйлайды. Бағыстан, шығыстан, оңтүстіктен адамдар келеді. Өзге орта жақсы әсер береді. Облыс әкіміне «Көшпенділер ойыны» аясында 14 адам жобаға барамыз, жатын орын, барып-келу жол ақысын көтеруіңізді сұраймын» деп хат жаздым. Қазақтың колонеріне қолдау көрсетіп жүрген азаматтарға да алғысым зор, — делі ол.

Жолдасы Рахымжан Әлиев – білікті инженер-механик. Ол біраз жылдар бойына зауытта, Қызылорда облыстық филармониясында инженер-механик, Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық облыстық драма-театрла бас инженер, С.Ысқанов атындағы политехникалық колледжде инженер-механик болып жұмыс істеді. Өңгіме арасында ол жарының өнерін толық қолдайтынын жеткізді.

— Адам баласының түпкілікті қызметінен бөлек, хоһибі деген болады. Біздің Күләйхан халыққа қызмет баласында еңбек етеді. Бірақ тігіншілікті қосымша дамытып, бірнеше адамның басын қосып, оны ұйымдастырып, көш бастап жүр. Әрине, оның әрбір жетістігіне қуанамын, — делі ол. Шаңырақтың сүт кенжесі Айдана – «Қазақстан КиНЭСС» рекордтар кітабына енген шебер. Он саусағынан өнер тамған ол – Мәншүк Мәметова атындағы жоғары колледжінің «Өнеркәсіп өнімдерінің дизайнері» мамандығы бойынша түлегі.

— Мен анамның жолын қуамын. Қай саланы тандасам да, тігін машинамен тәрбие тұрады. Түрлі идеялар бар. Алдағы уақытта өзімді жан-жақты дамытқым келеді, — дейді ол.

Күләйхан Сұлтанқызы өнерді жоғары бағалайды. Оның әрбір әрекетінен ұлттық өнер, қолөнер бағытында алға жылжу, заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеру байқалады. Сырттай қарап сүйсіндік. Осындай білікті мамандар барда қазақ өнері өзінің құндылығын жоймақ емес...

Киіз үйде тізіліп жатушы едік, Бал дәурен рахатқа батушы едік. Тал түсте ойын қуып, су жағалап, Көсік теріп, сан қырдан асушы едік.

Ыстық құм аяқты да күйдіретін, Анамыз келіні де түйдіретін. Күбіні де кезектеп пісуші едік, Тезекті де аямай үйдіретін.

Тығымпақ, қуыспаққа ұласатын, Ұлдар жағы күресіп, құласатын. Қыздар жағы үй ойнап, күрке жасап, Бір-бірінің хал-жайын сұрасатын.

Қой кезек те ұзамай келетін-ді, Алдымыздан уақ мал өретін-ді. Ол кезде қазіргіден заман басқа, Қыздар жағы қой баға беретін-ді.

Еңбекке ерте баулыды расында, Шыдадық небір дауыл, борасынға. Тізіміз жараланса құмды сеуіп, Қайта шауып кетуші-ек арасында.

Бау-бақша гүлстанға айналатын, Көктемде егетін зат сайланатын. Бақшаға көкөністі егіп тастап, Анамыздың көңілі жайланатын.

Сары әңгелек мұрынды жарушы еді, Өкем қолда таяғы барушы еді. Пісуге жақын қалған қауындарды, Пәлекпенен үстінен жабушы еді.

Анашым қызанақты баптаушы еді, Сарайға жәшік-жәшік сақтаушы еді. Көршілерге таратып жылытады, Көршілік парызын да ақтаушы еді.

Картопка жаңа қора мекен еді, Өкем, анам шаруаға бекем еді. Тыным таппай жүретін күні-түні, Балдарын да еңбекке жетеледі.

Анашым самаурынды қайнататын, Ыстық нан дастарханды жайнататын. Шүпірлеген бізге бір күлімсіреп, Өкешім қак төрге кеп жайғасатын.

Айтқан сөзін қалт етпей тыңдайтынбыз, Ас қайтармай орыннан тұрмайтынбыз. Бейсенбі күн құранын үзбеуші еді, Сілтпей тыныштықты бұзбайтынбыз.

Уақыт жетегіне алды-дағы, Әр жерге қонақатты тағдыр әні. Келмеске кетті солай бала ғұмыр, Сарқылды балалықтың бал бұлағы.

Сол бақытты сәттерім алыстады, Көз алдымда өткен күн таныс бөрі. Жып-жылы боп жүректі жылытады, Өзім тұрған шағын үй қоныстағы.

Мен ауылды шексіз сүйем расы...

Қаламымның ұшындағы сағыныш, Сені аңсаумен оралыпты тағы қыс.

Армандарым жетелеген алысқа, Туған жердің баурайына алып ұш.

Сонда анам кестелеген шәлісін, Сонда ұққам өмірімнің мәнісін. Құндақтапты анам мені сол жерде, Сонда естіпті алғаш жүрек қағысын.

Бесік жырын анашымға жыратып, Төл тілімде ән естіпін түн қатып. Ана тілдің уызына қану да, Пешенеме бұйырыпты шын бақыт!

Қыратына, қырқасына шығыппын, Қозы-лақпен бірге ойнап жүріппін. Түнгі аспанда жарқыраған жұлдызбен, Тілдегіппін сәулесіндей үмітін.

Бал дәуреннің балбыраған куәсі, Өмірімнің ең қымбаты-ау сірәсі. Жүрегімде шырағданым сөнбейтін, Мен ауылды шексіз сүйем расы...

Әйтеуір ауыл жаққа асығамын...

Қысы қатан, жазы ыстық жел дейді ғой, Сол самал жел жанымды тербейді ғой. Бет қарыған аязы шынықтырып, Жазғы аптабы отымен емдейді ғой.

Құрғақ дейді, түз дейді, тізбелейді, Тобықтан лай кешсек, бізге мейлі. Жанымды аялайтын саябақты, Жүрегім жат мекеннен іздемейді.

Қалайсың-ау табиғат жаңашасын, Қызық көріп көңілің тау асасын. Туған жердің төсінде бәсің биік, Атамекен жұртыңмен тамашасын.

Көңіл шіркін кейде бір асқақтайды, Қиял көгі шарықтап бос жатпайды. Кіндік кескен мекенге тәу етпесен, Денің сау болса-дағы ас батпайды.

Қысады өксік кеуденді бұғақтайды, Сағынышың жүректе шыдатпайды. Бармасаң ауыл жаққа атойлатып, Жақының да жаттай боп жырақтайды.

Сол үшін ауыл жаққа бару керек, Көңіл тынып, рахат табу керек. Мейір қанып иіскеп көк жусанын, Ақсақалдың батасын алу керек.

Кешу үшін сусыған топырағын, Көрү үшін күрішті атырабын, Балалық шағымменен қауышуға, Әйтеуір ауыл жаққа асығамын.

Өз елім

Өз елімнің кие тұзы, суы бал, Қаріретінді бұлағына жуып ал. Теренің бойлау үшін ұлтымын, Сен алдымен қазақ болып туып ал.

Мейлі болсын жазирасы, қоғалы, Өзен, теңіз, хош иісті көғалы. Шын ләззат гүлдегені шеңгелдің, Құрғамасын қарт Аралдың жанары.

Сусыған құм табанымға жағады, Туған елсіз менің жаным жаралы. Жидесінің иісіне тояттап, Жан дүнием бір рахат табады.

Құлыным да, тайлағым да әдемі, Ұлымменен қатар өскен терегі. Туған жердің ауасы да керемет, Кіндік кескен жерім осы себебі.

Бал күнімнен балапандай баптаған, Мұндай ешкім маған құшақ ашпаған. Өз еліммен бағым менің бес елі, Елім үшін, жерім үшін мақтанам.

Шарбы бұлттар төбемдегі тым ыстық, Маң далада сары алтындай күріштік. Көк шалғында бір аунасам сергімін, Махаббатым бір өзіне шын ыстық.

Қойнауында құдірет бар сезінем, Кейде қарап ата-анамның көзімен. Жылы-жылы естелікпен баураған, Оттай ыстық махаббатты сезінем.

Тасың лағыл, құмың мамық мактадай, Бауырыңда өсіп-өндім бақ қалай. Қасиетті отанымды бір Алла, Соғыс пенен мың пәледен сақтағай.

Сыр шаһары Қызылорда – бас қалам

Сыр шаһары Қызылорда – бас қалам, Алты алашқа тұғыр болған Астанам. Сұлу Сырда ерке толқын сылаңдап, Болашаққа жарқын қадам бастаған.

Зәулім үйлер бой түзеген сән құрып, Бұрқақтары ару қыздай бал қылып. Қызылорда – сүлейлердің мекені, Қойнауы – жыр, арнасы – ән мәңгілік.

Көгінде – бұлт, жерінде – құт самғаған, Ескерткіші хас батырын сомдаған. Қызылордам – ақ маржанның Отаны, Ардақтысың, аяулысың сен маған!

Көркінменен, келбетінде қыдыр бақ, Зеңгір көкте жұлдыздарын жымыңдап. Алтын нұрмен жазам сенің атыңды, Бейбіт күннің биігіне тұғырлап!

Арман қала, асыл қала, бақ қала, Көңіл елге болған алғаш Астана. Екі ғасыр шежіресін тұғырлап, Ойып жазған атын алтын тақтаға!

Терең тарих қойнауымен сырласқан, Жеңісіне куә болған нұрлы аспан, Жаңа қоғам қолдауымен жаңарып, Толағайлы табыстармен шыңды асқан.

Жасарған да, жайнаған да, жаңарған, Орындалған сұлу сырда сан арман. Көшелері қайта түлеп, жаңғырған, Гүлзарлары хас сұлудай таранған.

Жарқырайды жастарының жанары, Болашаққа еркін қанат қағады. Желбіретіп тәуелсіз ел байрағын, Сыр шаһары шеру тартып барады!

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4012 Тапсырары №1298

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН